ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 3 мамыр іс №1013-24-00-2/575 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы С.Ш. Туратпаев,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Айжан Калынбаевна Килыбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер Айжан Калынбаевна Килыбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Айжан Калынбаевна Килыбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Айжан Калынбаевна Килыбаевадан мемлекет пайдасына 3525 (үш мың бес жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде

тұрақсыздық айыбы, 1952 (бір мың тоғыз жүз елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Ш.Туратпаев**

Құжатқа қол қойылған: Туратпаев С. Ш., 03.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.06.2024, судья Туратпаев С. Ш., 18.06.2024

1013-24-3-1/564